

ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Ұлттық баспасөз клубының облыс орталығындағы филиалында Өскемен қаласы әкімі аппаратының "Рейтинг" компьютерлік орталығымен қаланың ресми ақпарат ауқымын кеңейту мақсатында бірлескен жобаны жүзеге асыруға арналған тұсаукесер рәсімі бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен өткізілді.

12 бөлімнен тұратын ақпарат жүйесі мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде қала тарихы, басқармалар құрылымдары, экономика, өнеркәсіп, мемлекеттік мекемелер, әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт, қаланың үлгісі мен картасы, жаңалықтар жөнінде және басқа да тақырыптарды қамтып, интернет желісіне қосылатын болады. Сонымен қатар, бүкіләлемдік желідегі интернетке де шығарылады. Өскеменді дүниежүзі білетін болады.

Тұсаукесер рәсімде "Рейтингтің" өкілі В. Соболев пен қала әкімінің баспасөз хатшысы Д. Дүйсенбаев тілшілердің сұрақтарына толыққанды жауап қайтарды.